

**Р.С. Мырзабекова<sup>1\*</sup>** , **М.С. Мырзабеков<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

<sup>2</sup> Қазақ Ұлттық Қыздар Педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

\*e-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

## **СҰЛТАН БЕЙБАРЫСТЫҢ КРЕСТ ЖОРЫҚТАРЫ КЕЗІНДЕГІ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ**

Мақалада авторлар, Бейбарыс сұлтанның крест жорықтары кезеңіндегі сыртқы саясатының негізгі бағыттарына, соның ішінде, крестшілер негізін қалаған христиан мемлекеттерімен, Жерорта теңізіндегі сауда жолдарын қолына ұстаған Генуя, Венеция мемлекетімен, әскери-саяси күш ретінде қалыптасқан діни-рыцарлық ордендермен және моңғолдармен байланысы, моңғолдар мен крестшілерге қарсы күресінің сипаты, нәтижелері және осы хронологиядағы халықаралық қатынастардың ерекшелігін көрсетуді мақсат етеді. Бейбарыстың сыртқы саясатының ерекшелігін, басты ұстанымын салыстыру үшін салыстырмалы-тарихи, когнитивті, ғылыми-герменевтикалық, синхронды әдіс қолданылды. Мақалада Бейбарысқа қатысты отандық, шет елдік тарихнаманың ерекшелігі мен негізгі ұстанымдары анықталды.

Бейбарыс – Таяу Шығыстағы екі ғасырға созылған крест жорықтары дәуірін аяқтап, XIII ғасырда халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды өзгерістердің негізін қалады.

XIII ғасырда Таяу Шығыстағы халықаралық қатынастардың сипатына өзгеріс әкелген оқиға – крест жорықтары болды. Бейбарыс, ең алдымен өз мемлекетінің шекарасын моңғолдар мен крестшілерден қорғауды ұйғарды. Мысырға крестшілердің одақтасы ретінде моңғолдар да қауіп төндірді. XIII ғасырда Еуропа мемлекеттері үшін моңғолдар жеңілмейтін күш ретінде қарастырылды. Таяу Шығыста моңғолдарға тек мәмлүктер қарсы тұра алатын. Себебі, мәмлүктер шайқаста жаяу әскерді сирек пайдаланды, көп жағдайда атты әскерге арқа сүйеді. Мәмлүктердің негізгі тактикасының бірі – жауға жебе оғын бұршақша жаудырып, бас көтертпеу болды. Мәмлүктер Газа маңында крестшілерді осы тактикамен тоқтатты. Бейбарыс, моңғолдардың жеңілмейтіндігі туралы мифті жойған және Таяу Шығысты крестшілерден азат еткен қолбасшылардың бірі ретінде тарихта қалды.

**Түйін сөздер:** Бейбарыс, мәмлүктер, Мысыр, крест жорықтары, моңғолдар, рыцарлық ордендер, Генуя, Венеция.

R.S. Myrzabekova<sup>1\*</sup>, M.S. Myrzabekov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

<sup>2</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty

\*e-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

### **Foreign policy of sultan Beybaris during the crusades**

In the article, the authors focus on the main directions of the foreign policy of Sultan Beybaris during the period of the Crusades, including relations with Christian states founded by the crusaders, with the states of Genoa and Venice, which controlled trade routes in the Mediterranean, with the Mongols and with knightly orders, formed as a military-political force.

To compare the features of Beybaris foreign policy, the article uses a comparative-historical, cognitive, scientific-hermeneutic, synchronous method. The article defines the features and main positions of domestic and foreign historiography.

Beibarys ended the two-century era of crusades in the Middle East and marked the beginning of important changes in the system of international relations of the 13th century. The Crusades in the 13th century became an event that changed the nature of international relations in the Middle East. Therefore, Beibarys, who came to power in Egypt, first of all decided to protect the borders of his state from the Mongols and crusaders. In the 13th century, the Mongols were considered an invincible force for European states. In the Middle East, only the Mamluks could resist the Mongols. The Mamluks rarely used infantry in battle, relying mainly on cavalry. One of the main tactics of the Mamluks was to bombard the enemy with a hail of arrows. With this tactic, the Mamluks stopped the crusaders near Gaza. Beibarys was one of the commanders who destroyed the myth of the invincibility of the Mongols and liberated the Middle East from the crusaders.

**Key words:** Beibarys, Mamluks, Egypt, crusades, Mongols, orders of chivalry, Genoa, Venice.

Р.С. Мырзабекова<sup>1\*</sup>, М.С. Мырзабеков<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Казахский Национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Казахский Национальный Женский Педагогический университет, Казахстан, г. Алматы

\*e-mail: myrzabekovaryskeldy@gmail.com

### Внешняя политика султана Бейбарыса в период крестовых походов

В статье авторы акцентируют внимание на основные направления внешней политики султана Бейбарыса в период крестовых походов, в том числе, на взаимоотношения с христианскими государствами, основанными крестоносцами, с государствами Генуя и Венеция, контролировавшими торговые пути в Средиземном море, с монголами и с рыцарскими орденами, сформировавшими как военно-политическая сила.

Для сравнения особенностей внешней политики Бейбарыса в статье использован сравнительно-исторический, познавательный, научно-герменевтический, синхронный метод. В статье определены особенности и основные позиции отечественной и зарубежной историографии.

Бейбарыс завершил двухвековую эпоху крестовых походов на Ближнем Востоке и положил начало важным изменениям в системе международных отношений XIII века. Крестовые походы в XIII веке стал событием, изменившим характер международных отношений на Ближнем Востоке. Поэтому, пришедший в Египте к власти Бейбарыс, в первую очередь решил защитить границы своего государства от монголов и крестоносцев. В XIII веке монголы считались непобедимой силой для европейских государств. На Ближнем Востоке противостоять монголам могли только мамлюки. Мамлюки редко использовали в бою пехоту, полагаясь в основном на кавалерию. Одной из основных тактик мамлюков было засыпание противника градом стрел. С помощью этой тактики мамлюки остановили крестоносцев возле Газы. Бейбарыс был одним из полководцев, разрушивший миф о непобедимости монголов и освободивший Ближний Восток от крестоносцев.

**Ключевые слова:** Бейбарыс, мамлюки, Египет, крестовые походы, монголы, рыцарские ордена, Генуя, Венеция.

### Кіріспе

Бейбарыс – Мысырдағы Бахриттер династиясынан шыққан мәмлүк мемлекетінің сұлтаны және Таяу Шығыстан крестшілерді түпкілікті қуып шығу процесінде шешуші рөл атқарған, әлем тарихында із қалдырған тұлға.

Мақалада сұлтан Бейбарыстың сыртқы саясатының басымды бағыттарын, моңғолдар мен крестшілерге қарсы күресінің сипатын, нәтижелерін және осы хронологиядағы халықаралық қатынастардың ерекшелігі көрсетіледі.

Бейбарыс сұлтан билікке келген кезде, Таяу Шығыстағы халықаралық қатынастарға бетбұрыс әкелген оқиға – крест жорықтары болды. Крест жорықтары барысында мәмлүктер мен крестшілердің арасында екі ғасырға жуық теке-тірес орын алды. Крест жорықтарына «Арыстан жүректі» Ричард, IX Людовик, «Әулие» Филипп, Бейбарыс сияқты орта ғасырлардың көрнекті тұлғалары қатысты. XIII ғасырда Таяу Шығысты крестшілерден азат еткен мәмлүктер халықаралық қатынастар жүйесіне өзгерістер алып келді.

Бейбарыс моңғолдарды, крестшілердің діни-рыцарлық ордендерін өзінің басты жауы ретінде қарады. Крестшілердің ұстанымы Таяу Шығыста XIII ғасырдың екінші жартысынан

бастап, мәмлүктер мен моңғолдар арасында соғыстың басталуына орай, күшейе бастады. Сондықтан, мәмлүктердің сыртқы саясатындағы түпкі мақсат – крестшілерден Таяу Шығысты толық азат ету еді.

Бейбарыс – көреген саясаткер ретінде еуропалық мемлекеттермен, соның ішінде, Генуямен байланыс орнату арқылы, крестшілерді одақтастарынан бөліп тастады. Мәмлүктердің кезінде Батыс пен Шығыстың сауда орталығы Мысырға өтті. Сауда жолдарына бақылау орнату арқылы Бейбарыс XIII ғасырдағы Мысырдың орнын анықтап берді.

### Материалдар мен әдістер

Сұлтан Бейбарыстың өмірі мен қызметіне қатысты құнды шығыс деректерінің бірі – «Хижра тарихындағы ойдың қаймағы» атты жылнама (Richards, 1998). Бұл жылнамада 1252-1300 жылдар аралығындағы мәмлүктер тарихы баяндалған. Жылнаманың мәтіні толық зерттелмеген және оқиғаны тікелей қатысқан адам баяндайды, мәтіндік сипатының құндылығы жоғары. Жылнаманың келесі құндылығы – Бейбарыс сұлтанның өмірін тарихи оқиғалармен байланыста сипаттауы. Жалпы дерек XIV ғасырда жазылған деп есептеледі. 1998 жылы

жылнама мәтіні алғаш рет толық жарияланды. Неміс, араб ғалымдары бұл деректі мәтіні толық жариялағанға дейін де пайдаланып жүрді. Жылнамада Мысыр, Ватикан, Хулагуид мемлекеттері мен Алтын Орда арасындағы саяси байланыстар да баяндалған.

Жалпы, мәмлүк кезеңі туралы хроникалардың тілдік, мазмұндық сипаты әртүрлі. Мәмлүк тарихына қатысты мәтіндік құндылығы жоғары деректер қатарына Ахмад Ибн Әли әл-Мақризидің «Мәліктер мемлекетін тану жолдары» еңбегі жатады (Ahmad ibn Ali al-Maqrizi, 1997).

Шетел тарихнамасы Бейбарыстың саясатына XIII ғасырдың екінші жартысынан бастап назар аудара бастады. Наполеон Бонапарттың Египетке жорығынан кейін мәмлүктер тарихына деген еуропалықтардың қызығушылығы артты. Ағылшын тілінде мәмлүк тарихына қатысты Х.Кеннеди (Kennedy, 2001), А.Мазор (Mazor, 2015:1-56), Р.Ирвиннің (Irvin, 1986:33) зерттеулері жарық көрді.

Еуропа және АҚШ тарихнамасында мәмлүк кезеңіне қатысты ұжымдық монографиялар, зерттеу орталықтары, жүйелі түрде жарық көретін журналдар бар. Мысалы, 2019-2020 жылдардың аралығында Чикаго университетіндегі мәмлүк тарихын зерттеу орталығында «Mamluk Studies Review» атты арнайы журналдың 22 томы шыққан (Mamluk Studies, 2019-2020).

Бейбарыстың әскери жорықтарының сипатын көрсеткен ағылшын зерттеушісі – К.Хилленбранд (Хилленбранд, 2008). Ол – Бейбарыстың әскери жорықтарының сипатын қорғаныс мақсатымен байланыстырады. Бейбарысқа қатысты К.Хилленбранд пікіріне ұқсас ұстанымның иесі – Маалуф Амин (Маалуф, 2006:113). Зерттеуші франктерге қатысты Бейбарыстың ұстанымын көрсете келе, моңғолдармен белсенді түрде байланыста болған франктерге қатысты Бейбарыс, жазалау тәсілін қолданғанын Акра және Антиохия франктерінің мысалында көрсетеді. Бейбарыстың моңғолдарға қатысты бітіспес көзқарасын батыс деректерінен де байқауға болады. Бұны кейбір батыс зерттеушілері Бейбарыстың моңғолдарға тұтқынға түсіп, Таяу Шығысқа күшпен әкелуімен байланыстырады. Бірақ, моңғолдарға деген Бейбарыстың ұстанымын тек жеке басына қатысты мәселемен ғана байланыстырған дұрыс емес. Себебі, моңғолдар Хулагуидтермен немесе крестшілермен одақтасса, мәмлүк мемлекетіне шынайы қауіп төндіретін күшке айналар еді. Сондықтан, Бейбарыстың моңғолдарды ерек-

ше назарда ұстауы, сыртқы саясаттағы қауіпсіздікпен байланысты болды.

Крест жорықтары мен Бейбарыс билігі кезіндегі Мысыр, Византия, Алтын Орданың мәдени және саяси байланыстары неміс ғалымдары Б.Шпулер (Spuler, 1943), Х.Хаусинг (Haussig, 2001), В.Хейд (Heyd, 1975), ағылшын ғалымдары Т.Олсен (Alisen, 2004), Х. Лиу (Liu, 2010), француз ғалымы Дж. П. Роу (Roux, 2001), түрік ғалымы М. Кафалы (Kafali, 1976) еңбектерінде зерттелген.

Ағылшын ғалымы Ю.Филлипстің «Моңғолдар» монографиясы Алтын Орданың мәмлүктермен байланысын баяндайды. Қырымда сауда жасауда артықшылықтарға ие болған Генуэз республикасын Алтын Орданың стратегиялық әріптесі ретінде көрсетеді (Phillips, 1969).

Неміс ғалымы Г.Ф. Вюстерфельд, Алтын Орда мен мәмлүктік Мысырды сауда әріптестер ретінде және әскери одақтастар ретінде зерттейді. Г.Ф. Вюстерфельд Алтын Орда мен мәмлүк мемлекетінің дипломатиялық байланыстарының жоғарғы шегін Өзбек ханның билігімен байланыстырады. Династиялық некелер туралы баяндайды (Wüsterfeld, 1850).

Орыс тіліндегі Мысырдың мәмлүк кезеңіне қатысты – В.В.Бартольд (Бартольд, 1966:15-80), В.Г. Тизенгаузен (Тизенгаузен, 1941), Л.А. Семенова (Семенова, 1966) сияқты ғалымдардың еңбектерін және 1975 жылы «Сұлтан аз-Захир Бейбарыстың өмірбаяны» атты Абд ар-Рахман аль-Джабартидің орыс тіліне аударылған шығармасын көрсетуге болады (Ал-Джабарти, Абд ар-Рахман, 1962-1963).

Қазіргі кезеңдегі Ресей тарихнамасында мәмлүк тарихына қатысты зерттеулердің авторлары – А.Ш.Кадырбаев (Кадырбаев, 2019: 151-166), А.Н. Гаркавец (Гаркавец, 2010: 64-104), Е.И. Зеленов (Зеленов, 2013:41-53), М.Ю. Ильюшина (Ильюшина, 2014:736-741), А.Н. Поляк (Поляк, 2017: 228-236).

Отандық тарихнамада Б.Е.Көмеков қыпшақ тарихын араб деректері негізінде зерттеді (Көмеков, 1972).

Жалпы, еуропалық тарихнама мәмлүк мемлекетінің сыртқы байланыстарына, әсіресе, крест жорығы кезіндегі саяси байланыстарына көбірек тоқталған. Таяу Шығыстағы сыртқы саясатқа Генуя, Венеция, Ватиканның ықпалын көрсететін, Франция королі IX Людовик пен моңғолдардың саяси байланыстарын, елшіліктер тарихын баяндайтын француз, ағылшын, неміс тіліндегі хроникалар, жылнамалар, мемуарлар

басым. Себебі, крест жорықтары еуропалық құбылыс болғандықтан, Мысырдың Бейбарыс билігі кезіндегі тарихы крест жорықтарымен байланыста қарастырылған.

Мысыр тарихын орыс тілінде зерттеушілер негізінен шығыс деректеріне сүйенгендіктен, ғалымдар Бейбарыстың Алтын Ордамен, Хулагуидтермен байланысына басым назар аударған.

Бейбарыстың крестшілер мен монғолдарға қатысты сыртқы саясатының ерекшелігін, басты ұстанымын салыстыру үшін салыстырмалы-тарихи *әдіс* қолданылды. Үш мемлекеттің XIII ғасырдағы ортақ тарихи қиындықтары мен жеке мүдделерін салыстыру мақсатында диалектикалық тәсілге, зерттелетін мәселенің құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік беретін когнитивті әдіске сүйенді.

Мақала тақырыбы бойынша мәлімет әртүрлі дерек көздерінде және шашыраңқы. Сондықтан, деректі талдап, қолда бар басқа деректермен салыстыру үшін ғылыми-герменевтикалық *әдіс* пайдаланылды. Бейбарыс пен крестшілердің және монғолдардың XIII ғасырдың 60-70 жылдарында орын алған тарихи оқиғаларын бір мезгілде қарастыруға мүмкіндік беретін синхронды *әдіс* қолданылды. Бұл – Бейбарыс саясатының ортақ және ерекше белгілерін көрсетуге, сондай-ақ, державалардың өзара әрекеттесуі мен өзара ықпал етудегі тетіктерін қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, хронологиялық, мазмұндық талдау, жүйелік талдау *әдістері* және крест жорықтары кезіндегі оқиғалар мен олардың салдарын түсінуге қосымша мәліметтер беретін салыстырмалы-сараптамалық *әдіс* қолданылды.

### Нәтижелер мен талдаулар

*Крестшілермен байланыс.* Мәмлүктердің негізгі қарсыластарының бірі, еуропалық крест жорығына қатысушы рыцарьлар және монғолдар болды. Дегенмен, мәмлүк мемлекетінің Палестинадағы христиан мемлекеттеріне қатысты стратегиясы Бейбарыс билікке келгенге дейін қалыптасқан.

Крест жорықтарының барысында қалыптасқан саяси жағдайларға байланысты, Бейбарыс саясаты – Ватикан, Франция, Англия, Генуя, Венеция, Хулагуидтер, Алтын Орда, монғолдар, крестшілер мемлекеті арасындағы қарым-қатынастан туындады. Сонымен қатар, Бейбарыстың сыртқы саясатының негізгі ұстанымына – діни, экономикалық фактор да бағыт беріп отырды.

1248 жылдан бастап, Мысырға жақын жерде крестшілердің Антиохия князьдығы, Триполи графтығы, Иерусалим және Кипр корольдіктері және халықаралық қатынастарда өзіндік салмағы, әскери-саяси маңызы бар госпитальерлер, тамплиерлер, тевтон ордендері пайда болды. «Хижра тарихындағы ойдың қаймағы» жылнамасында алғаш рет крестшілер туралы 1260 жылы Хулагудың Сирияға және Мысырға қарсы дайындалып жатқан жорықпен байланыста айтылады (Richards, 1998).

Бейбарыс жылнамасы бойынша, IX Людовиктің Сириялық Айубидтерге қарсы жорығы Мысыр мәмлүктерінің мүдделеріне сай келетін болғандықтан, барлық қолға түскен крестшілерді мәмлүктер ақшалай құнын төлетіп, босатып жіберген. Мәмлүктер, IX Людовиктің адамдарымен қосқанда он екі мыңдай крестшілерді тұтқыннан босатқан (Ahmad ibn Ali al-Maqrizi, 1997). 1252 жылы IX Людовик пен мұсылмандар арасында жасалған келісімге орай, бірқатар территориялар – Газар, Гибелин, Дарон мұсылмандарға өтті. Жалпы, IX Людовиктің Сириядағы Айубидтерге қарсы саясаты билікке енді келген мәмлүктер үшін тиімді болды. Бірақ, араб және батыс деректерінде, соның ішінде, IX Людовиктің мемуарында француз королі мен мәмлүктер арасында жасалған әскери келісім туралы ештеңе айтылмайды.

Бейбарыстың крестшілерге қарсы саясаты 1262 жылдан бастап белсенді бола бастады. 1262 жылы Бейбарыс Антиохияда орналасқан рыцарьларға соққы берді. 1263 жылы Керак бекінісін басып алды. Ал 1265 жылы Кесария бекінісі, одан кейін Аурзуф алынды. 1266 жылы мәмлүктер Химс қаласын, Сафед бекінісін азат етті. 1268 жылы Бейбарыс крестшілердің Шекира бекінісін құлатты. Осы жылы мамырда Яффаны, Триполиді алды. 1268 жылы 14 мамырда Антиохияны қоршауға алды (Заборов, 1986:124-127). Антиохияны алу крест жорықтарының Таяу Шығыстағы ұстанымдарына айтарлықтай нұқсан келтірді. Себебі, крестшілер, өздерінің ірі қалаларымен ғана емес, Византиямен де құрлықтық байланысын жоғалтты.

Бейбарыс сұлтан 1271 жылы еуропалық рыцарьлардың иелігіне тағы бір күшті шабуыл жасады. Екі апталық қоршаудан кейін госпитальерлерге тиесілі Хисн әл-Акрад атты үлкен бекініс мәмлүктерге берілді. Содан кейін Ливанның солтүстігіндегі Аккару бекінісі құлады. Осыдан кейін мәмлүктер Тевтон орденінің резиденциясы Монфорт қамалын басып алды.

Таяу Шығыстағы крестшілердің қалған иеліктерін мәмлүктердің басып алуы уақыт мәселесі еді. Бірақ, моңғолдардың жорығы Бейбарыстың саясатын өзгертті. Сондықтан, он жылға крестшілермен бітім жасауға шешім қабылдады. Бұл келісімге Тир, Акка, сәл кейінірек Триполи билеушілері қол қойды.

*Мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясатына Венеция мен Генуяның* да ықпалы болды. Венеция – Таяу Шығыстың саяси үрдісінде сауда-экономикалық мүдделерімен қатар, саяси мақсатты да көздеді. Бұл мақсат – гибеллиндер мен гвельфтер арасында саяси билік үшін жүріп жатқан Италиядағы күреспен байланысты еді. Гибеллиндер мен гвельфтер арасындағы күрес – Апеннин түбегіндегі Папа мен империя арасындағы үстемдік үшін күрес аясында өтті. Гибеллиндер – император жақтастары, қозғаушы күші – феодалдар. Гвельфтер – Италиядағы Қасиетті Рим императорының билігін шектеуді және Рим Папасының ықпалын күшейтуді жақтады. Гвельфтердің қозғаушы күші – көпестер, қол-өнершілер, аксүйектер еді.

Гибеллиндер мен гвельфтер арасындағы күрестің мәмлүктерге тигізетін ықпалының негізі мынада болды: II Фридрих Гогенштауфеннің немересі III Конрад, Иерусалим корольдігінің де номинальді королі еді. Иерусалим корольдігінің билігінен үміті бар келесі қарсыласы – II Гуго Лузиньян болды. Генуездіктер III Конрадты қолдаса, венециялықтар II Гуго Лузиньянды қолдады. Бұл Италияда гибеллиндер мен гвельфтер арасындағы күрестен көрініс алды. Сондықтан, XIII ғасырдың ортасында Генуя Папаның крест жорықтарына шақыруын белсенді түрде қолдады. 1255-1256 жылдары Венеция мен Генуя арасында Палестинада соғыс болды. Осы саяси күрестің шеңбері мәмлүк мемлекетінің сыртқы саясатына да әсер етті.

Генуялықтардың өзге христиан мемлекеттерімен одағы мәмлүктер үшін тиімсіз еді. Себебі, бұл Таяу Шығыстағы күш балансын бұзды. Еуропа көпестерімен белсенді сауда байланыстарының нәтижесінде, мәмлүктер христиан мемлекеттерінің арасындағы байланыс сипатынан жақсы хабардар болды. Сондықтан, мәмлүктер Таяу Шығыстағы крестшілердің мемлекетін жеке алғанда әскери-саяси субъект ретінде қарастырған жоқ. Дегенмен, сол уақытта қалыптасқан халықаралық қатынастардағы контекст шеңберінде, өзге күштермен одақтасса, мәмлүк мемлекетіне қауіп төндіретін саяси күш болуы мүмкін екендігін назарда ұстады. Бей-

барыс Венеция көпестерімен сауда байланыстарын дамытып, Генуя көпестерінің аймақтағы белсенділігіне қарсылық көрсетіп отырды. Себебі, Генуя көпестері моңғолдармен одақтасса, Мысыр мен Еуропа арасындағы сауда байланыстары үшін қауіпті еді.

*Моңғолдармен байланыс.* 1260 жылы моңғолдар Дамаскіні алған соң саяси жағдай өзгере бастады. Енді моңғолдар Мысыр шекарасына қауіп төндірді. Моңғолдардың көмегі арқылы мұсылмандық Мысырды бағындырамыз деп үміттенген крестшілердің де саяси ұстанымы өзгерді. Моңғолдардың крест жорықтарындағы белсенділігі жоғарылаған сайын, моңғолдардың несториандарға деген көзқарасын пайдалануға тырысқан христиан билеушілері моңғолдармен байланыс орнатуға тырысты. «Иерусалим корольдігінің хроникасы» дерегінде 1248 жылы Рим Папасы, Кипр корольдігі «татарлардың императорымен» байланыс орнатуға тырысты деп жазған (Rohricht, 1893:304-305).

IX Людовик Мысыр территориясына келіп түскенде крестшілер мен моңғолдардың арасындағы альянс мәселесіне мәмлүктердің көзі жетті. Дегенмен, христиан әлемі моңғолдардың жорықтарынан мұсылмандармен салыстырғанда көбірек қауіптенді. Моңғолдардың Орталық Еуропаға жасаған жорығы христиан мемлекеттері билеушілерінің қорқынышын одан әрі ұлғайтты. Деректерге қарасақ, Палестина христиандары моңғолдарға қарағанда бұрын да бірқатар келісімдер жасап жүрген мұсылмандармен одақтасуды дұрыс деп шешкен. Антиохия, Триполи моңғолдарға бағынса, Акка, Тир және діни рыцарлық ордендер моңғолдарға қарсылық көрсетіп отырған (Rohricht, 1893:307). «Қасиетті жерге» моңғолдар тарапынан төнген қауіп туралы тамплиерлер орденінің магистрі Том Берардың, ағылшын королі III Генрихке жазған хаты сақталған (Rohricht, 1893: 337-338).

Дегенмен, Рим, жеке моңғол билеушілерімен келіссөздер жүргізе берді. Себебі, мәмлүктік Мысыр тұрғанда, крестшілер жаулап алған жерлерінде түпкілікті бекіне алмайтынын түсініп, моңғолдарды өзіне одақтас ретінде тартуға тырысты. 1245 жылы Рим Папасы Иннокентий, Алтын Ордаға елші жіберіп, моңғолдарды Мысырға қарсы күресте пайдалануға ұмтылғаны туралы батыс деректерінде көрсетілген. XIV ғасырдағы барлық сәтті крест жорықтары моңғолдардың қатысуымен өтті.

1266 жылы Бейбарыс крест жорықтарындағы моңғолдардың келесі одақтасы Киликия Арме-

ниясына қарсы жорық жасады. Мәмлүк әскерлері армян әскерін жеңіп, 1267 жылы I Хетум өзін Бейбарыстың вассалы деп тануға және жыл сайын 11,6 мың дирхам салық төлеуге мәжбүр болды (Патканов, 1878: 28).

1274 жылы мәмлүктер Кіші Азиядағы моңғолдардың тағы бір одақтасы – селжүктерге қарсы сәтті жорық жасады. 1275-1276 жылдары мысырлықтар Нубияға мәмлүк сұлтандығының вассалдық тәуелділігін мойындатты. Бұл текетірестің нәтижесінде Хулагуидтер 1272-1273 жылдары әл-Бира қаласы үшін болған шайқаста мәмлүктерден жеңілсе, 1276-1277 жылы Бейбарыс Кіші Азияға жорық жасап, моңғолдарды талқандады (Мишо, 1864).

### Қорытынды

Сонымен, Бейбарыстың сыртқы саясаты тарихи процестің бағыттарынан туындап отырды. Негізінен, Бейбарыстың сыртқы саясаты моңғол қауіпінен қорғану, Хулагуидтерге қарсылық және крестшілер тарапынан болуы мүмкін шапқыншылықтарға тиімді қорғаныс жүйесін қалыптастырудан тұрды.

Моңғолдар мен Хулагуидтерге қарсы күресте Бейбарыс Алтын Орданы одақтастыққа тартты. 1262-1263 жылы Алтын Орда билеушісі Берке, ислам дінін қабылдап, Бейбарыс сұлтанмен Хулагуидтерге қарсы одақтық келісімге қол қойды. Алтын Ордамен қатар, Бейбарыс Византия императоры VIII Михаэль Палеологпен байланыс орната алды. Рим Папасының қарсылығына қарамастан Арагонмен, Кастилиямен, Сицилия корольдігімен, Венециямен сауда келісімдерін жасады.

Таяу Шығыстағы крестшілер мемлекетін Бейбарыс, тәуелсіз күш ретінде қарастырған жоқ. Крестшілерді моңғолдардың әлеуетті одақтасы ретінде қарастырып, бұл одақтан мәмлүктерге туындайтын қауіпті ескерді. Сондықтан, Таяу Шығыстағы крестшілердің мемлекетін түпкілікті жою, мәмлүктер мемлекетінің сыртқы саясатындағы маңызды міндет болды.

Келесі маңызды міндет – Алтын Ордамен одақтық қатынаста болу еді. Хулагуидтерге қарсы күресте, әскери қуаты мен күші жағынан көмек бере алатын мемлекет ретінде Алтын Орда, мәмлүктерге қажет еді. Одақтастықтың ислам діні сияқты іргетасы да бұл одақтың болашағына өз ықпалын тигізді.

### Әдебиеттер

- Ahmad ibn Ali al-Maqrizi. *Kitab al-Suluk li-Marifat Duwal al-Muluk* (1997). Beirut, Vol.1, 566 p.
- Alisen T.T. (2004). *Culture and Conquest in Mongol Eurasia II Cambridge Studies in Islamic Civilizations*. Cambridge: Press Syndicate of the University of Cambridge, 264 p.
- Haussig H.W. (2001). *Ipek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi*. Istanbul, 300 s.
- Heyd W. (1975). *Yakin-dogu Ticaret Tarihi*. Ankara: TTK Basimevi, 647 s.
- Irvin R. (1986). *The Middle East in Middle Ages: The Early Mamluk Sultanate, 1250-1382*. Carbondale: Southern Illinois University Press, P 33
- Kafali M. (1976). *Altm Orda Hanliginin Kuruluc ve Yikselic Devirleri*. Istanbul: I.Ü. Edebiyat Fakültesi Yayinlan, 169 s.
- Kennedy H. (2001). *The Historiography of Islamic Egypt*. Leiden, Boston, Koln, Brill, 269 p.
- Liu X. (2010). *The Silk Road in World History*. N.-Y.: Oxford University Press, 117 p.
- Mazor A. (2015). *The Mansuriyan Legacy: The Mansaru Amirs, their Mamluks and their Descendants during al-Nasir Muhammad's Third Regn and After*. *Mamluk Studies Review*, Vol. 18, P. 1-56.
- Phillips E.D. (1969). *The Mongols*. London: Thames and Hudson, 208 p.
- Rohricht R. (1893). *Regesta Regni Hierosolymitani*. Berlin: Libraria Academica Wageriana, 673 s.
- Richards D.S. (1998). *Introduction, Baybars al-Mansuri. Zubdat al Fikrat fi Tarikh al Hijrat*. Berlin; Beirut.
- Roux J.P. (2001). *Mogol imparatorlugu Tarihi*. Istanbul: Kabalci Yayınevi, 608 s.
- Spuler B. (1943). *Die Goldene Horde. Die Mongolen in Russland, 1223-1502*. Leipzig, 556 s.
- The Mamluk Sultanate from the Perspective of Regional and World History: Economic, Social and Cultural development in an Era of Increasing International Interaction and Competition (Mamluk Studies) (2019-2020)*. University of Chicago Press.
- Wüsterfeld F. (1850). *Ibn Coteibas Handbuch der Geschichte*. Göttingen, 450 s.
- Ал-Джабарти, Абд ар-Рахман (1962-1963). *Удивительная история прошлого в жизнеописаниях и хронике событий: в 4 т. М.: Изд-во вост. Лит.-ры. Т.3.-Ч.1: Египет в период экспедиции Бонопарта (1789-1801)*. Пер. И.М.Фильштинского, 540 с.
- Бартольд В.В. (1966). *Теократическая идея и светская власть в мусульманском государстве*. Сочинения: в 9 т.-М.: Наука, Т.6: Работы по истории ислама и Арабского халифата, С. 15-80
- Гаркавец А.Н. (2010). *Бейбарс – султан Египта и герой мифов*. Вопросы тюркологии: научный журнал Ин-та тюркологии, № 1, с. 64-104.
- Заборов М.А. (1986). *История крестовых походов в документах и материалах*. М.: Высшая школа, 124 с.

- Зеленев Е.И. (2013). Мамлюкский султанат в египте: Бейбарс и его эпоха (1260-1277). Вестник Санкт-петербург. Ун-та. Серия 13. Вып. 3, с. 41-53.
- Ильюшина М.Ю. (2014). Борьба мамлюков Египта с крестоносцами на Ближнем Востоке в XIII в. Вестник Башкир. Ун-та. Т. 19, № 2, с. 736-741
- Кадырбаев А.Ш. (2019). Тюркские мамлюки в стране пирамид в эпоху монгольского нашествия (XIII-XIV вв.). Вестник инст-а востоковедения РАН, № 2 (8), с. 151-166.
- Көмеков Б.Е. (1972). Государство кимаков IX-XI вв. По арабским источникам. Алма-Ата: Наука, 156 с.
- Маалуф А. (2006). Крестовые походы глазами арабов. М.: Латтес, 189 с.
- Мишо Г. (1864). История крестовых походов. СПб., М., 368 с.
- Патканов К.П. (1878). История монголов по армянским источникам. Вып. 1. СПб.: Типография Императорской Академии Наук, с. 28.
- Поляк А.Н. (2017). Колониальный характер мамлюкского государства в его отношениях с Золотой Ордой. Золотоордынская цивилизация, № 10, с. 228-236
- Семенова Л.А. (1966). Салах ад-дин и мамлюки в Египте. М.: Наука, 217 с.
- Тизенгаузен В.Г. (1941). Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды: в 3 т.- М., Л.: Изд-во Акад. Наук СССР, 306 с.
- Хилленбранд К. (2008). Крестовые походы. Взгляд с Востока. Мусульманская перспектива. М. – СПб.: Диля, 687 с.

### References

- Ahmad ibn Ali al-Maqrizi (1997). *Kitab al-Suluk li-Marifat Duwal al-Muluk*. Beirut. Vol.1, 566 p.
- Alisen T.T. (2004). *Culture and Conquest in Mongol Eurasia II Cambridge Studies in Islamic Civilizations*. Cambridge: Press Syndicate of the University of Cambridge, 264 p.
- Haussig H.W. (2001). *Ipek Yolu ve Orta Asya Kültür Tarihi*. Istanbul, 300 s.
- Heyd W. (1975). *Yakin-dogu Ticaret Tarihi*. Ankara: TTK Basimevi, 647 s.
- Irvin R. (1986). *The Middle East in Middle Ages: The Early Mamluk Sultanate, 1250-1382*. Carbondale: Southern Illinois University Press, p. 33.
- Kafali M. (1976). *Altın Orda Hanlığının Kuruluş ve Yükseliş Devirleri*. Istanbul: I.Ü. Edebiyat Fakültesi Yayınları, 169 s.
- Kennedy H. (2001). *The Historiography of Islamic Egypt*. Leiden, Boston, Köln, Brill, 269 p.
- Liu X. (2010). *The Silk Road in World History*. N.-Y.: Oxford University Press, 117 p.
- Mazor A. (2015). *The Mansuriyan Legacy: The Mansuri Amirs, their Mamluks and their Descendants during al-Nasir Muhammad's Third Regn and After*. *Mamluk Studies Review*. Vol. 18, p. 1-56.
- Phillips E.D. (1968). *The Mongols*. London: Thames and Hudson, 208 p.
- Rohricht R. (1893). *Regesta Regni Hierosolymitani*. Berlin: Libraria Academica Wageriana, 673 s.
- Richards D.S. (1998). *Introduction, Baybars al-Mansuri*. *Zubdat al Fikrat fi Tarikh al Hijrat*. Berlin; Beirut.
- Roux J.P. (2001). *Mogol imparatorluğu Tarihi*. Istanbul: Kalcı Yayinevi, 608 s.
- Spuler B. (1943). *Die Goldene Horde. Die Mongolen in Russland, 1223-1502*. Leipzig, 556 s.
- The Mamluk Sultanate from the Perspective of Regional and World History: Economic, Social and Cultural development in an Era of Increasing International Interaction and Competition (Mamluk Studies) (2019-2020)*. University of Chicago Press.
- Wüsterfeld F. (1850). *Ibn Coteibas Handbuch der Geschichte*. Göttingen, 450 s.
- Al-Dzhabarti, Abd ar-Rahman (1962). *Udivitel'naja istorija proshlogo v zhizneopisanijah i hronike sobytij: v 4 t.-M.: Izd-vo vost. Lit-ry. T.3. Ch.1: Egipet v period jekspedicii Bonoparta (1789-1801) per. I.M.Fil'shtinskogo*, 540 s.
- Bartold V.V. (1966). *Teokratičeskaja ideja i svetskaja vlast v musulmanskom gosudarstve*. *Sochinenija: v 9 t. M.: Nauka. T.6: Raboty po istorii islama i Arabskogo halifata*, s. 15-80.
- Garkavec A.N. (2010). *Bejbars – sultan Egipta i geroj mifov. Voprosy tjurkologii: nauchnyj žurnal In-ta tjurkologii. M., № 1, s. 64-104*.
- Zaborov M.A. (1986). *Istorija krestovyh pohodov v dokumentah i materialah. M.: Vysshaja škola*, 274 s.
- Zelenev E.I. (2013). *Mamljukskij sultanat v egipte: Bejbars i ego jepoha (1260-1277)*. *Vestnik Sankt-peterburg. Un-ta. Serija 13. Vyp. 3, s. 41-53*.
- Iļjušina M.Ĵ. (2014). *Borba mamljukov Egipta s krestonoscami na Blizhnem Vostoke v XIII v. Vestnik Bashkir. Un-ta. T. 19, № 2, s. 736-741*
- Kadyrbaev A.Sh. (2019). *Tjurkskie mamljuki v strane piramid v jepohu mongolskogo nashestvija (XIII-XIV vv.)*. *Vestnik inst-a vostokovedenija RAN, № 2 (8), s. 151-166*
- Көмеков Б.Е. (1972). *Gosudarstvo kimakov IX-XI vv. Po arabskim istočnikam*. Alma-Ata: Nauka, 156 s.
- Maaluf A. (2002). *Krestovye pohody glazami arabov. M.: Lattes*, 189 s.
- Misho G. (1864). *Istorija krestovyh pohodov*. SPb., M., 1864. 368 s.
- Patkanov K.P. (1878). *Istorija mongolov po armjanskim istočnikam*. Vyp. 1. SPb.: Tipografija Imperatorskoj Akademii Nauk, s. 28.
- Poljak A.N. (2017). *Kolonialnyj harakter mamljukskogo gosudarstva v ego otnošenijah s Zolotoj Ordoj. Zolotoordynskaja civilizacija, № 10, s. 228-236*
- Seменова L.A. (1966). *Salah ad-din i mamljuki v Egipte. M.: Nauka*, 217 s.
- Tizengauzen V.G. (1941). *Sbornik materialov, odnosjashhij k istorii Zolotoj Ordy: v 3 t. M., L.: Izd-vo Akad. Nauk SSSR*. 306 s.
- Hillenbrand K. (2008). *Krestovye pohody. Vzglyad s Vostoka. Musulmanskaja perspektiva. M.SPb.: Dilja*, 687 s.